

Ф.Б. Камалова¹, Н.Ж. Байтенова¹,
Ж.О. Кантарбаева¹, Г.А. Абдуразакова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: fenyua_0490@mail.ru

²Азаматтық авиация академиясы,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: gauhar_abdikarimovna@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІҢ ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҒЫ

Мақалада Қазақстан территориясының киелі жерлерін жан-жақты зерттеу барысында өзара сабақтастығы айқындалып, олардың негізгі түп-тамырының бірегей екендігі қарастырылады. Осы тұрғыда киелі орындар, қасиетті жерлер тек діни көзқарас, наным-сенім ғана белгісі емес, ол мемлекеттің ұлттық бірегейлігін қалыптастырушы, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптейтін құрал болып табылатындығына ерекше назар аударылған.

Мақаланың мақсаты – өзара сабақтасып жатқан киелі жерлерді тарихи рухани мол мұра ретінде әлемге таныту және халыққа жеткізу болып табылады. Осы ретте, киелі жерлерді өзара сабақтастыруда қандай да бір критерийлер бар ма – деген сауалдың өзі әлі де болса жауапсыз, аз зерттелген мәселе. Осы мәселе төңірегінде зерттеудің методологиялық негізі болып киелі, қасиетті жерлердің мән-мағынасын айқындау өзекті мәселеге айналып отырғанын ескере отырып авторлар осы мәселенің кейбір қырларына талдау жасайды.

Бүгінгі таңда елімізде рухани жаңғыру саясаты өзекті болуына байланысты мақала мемлекетіміздің осы саясатын жүзеге асырудағы негізгі қадамдардың бірі болуда. Киелі жерлерді толығырақ танып-білу әлеуметтік сұранысқа ие болғандықтан қоғамдық сананың қалыптасуына, оның жаңғыруына, ұлттық бірегейліктің қалыптасуына және халықтың рухани сауалына әсерін қазіргі заманға сай, қазіргі біздің қоғамда болып жатқан өзгерістерге сәйкес айқындау мақаланың ғылыми жаңалығы болып табылады.

Түйін сөздер: киелі жерлер, рухани жаңғыру, ұлттық бірегейлік, киелі жерлер сабақтастығы.

F.B. Kamalova¹, N.Zh. Baytenova¹, Zh.O. Kantarbaeva¹, G.A. Abdurazakova²

¹al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: fenyua_0490@mail.ru

²Academy of Civil Aviation,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: gauhar_abdikarimovna@mail.ru

Continuity of sacred places in Kazakhstan

The main purpose of the article is presented an in-depth and comprehensive study vast steppe sacred places' in the Kazakhs' habitats, to prove that we do not just have a vast territory, but also our land is rich in spiritual historical heritage. In this case the task of modern scholars show the world Kazakhs' spiritual heritage, to communicate and familiarize people with the sacred places of Kazakhstan. The article justified by special attention to the fact that the sacred and holy places of Kazakhstan have not only religious significance, but also are important in terms of national and state identities formation, as a factor contributing to the further development of culture, customs and traditions of the people. The territory of Kazakhstan is rich in sacred and holy places. This can be considered as a way to strengthen ethnic and national identities, as well as making Kazakhstan recognizable globally. Currently, historians, researchers, religious scholars are engaged in compiling a single list of sacred places in the territory of modern Kazakhstan, classifying them into international, republican and local levels. In this situation, the most important thing is conducting in-depth research and collecting materials. Still unresolved issues with the criterion for identifying the degree of sacredness of certain objects. Within the framework of this issue, the categorical series has been insufficiently studied, in particular, such terms as «sacred», «holy», as the methodological basis for the study on this range of issues. Given the relevance of this issue, the authors tried to consider some aspects.

Key words: sacred places, spiritual modernization, national identity, continuity of sacred places.

Ф.Б. Камалова¹, Н.Ж. Байтенова¹, Ж.О. Кантарбаева¹, Г.А. Абдуразакова²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: fenua_0490@mail.ru

²Академия гражданской авиации,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: gauhar_abdikarimovna@mail.ru

Преемственность священных мест в Казахстане

На основе комплексного исследования в данной статье рассматривается преемственность священных мест Казахстана. При этом обосновывается, обращается особое внимание на то, что священные, сакральные места Казахстана имеют не только религиозное значение, но и важны в плане формирования национальной, государственной идентичности как фактора, способствующего дальнейшему развитию культуры, обычаев и традиций народа.

Целью статьи является глубокое и всестороннее исследование сакральных мест и их преемственность в обширной степи, в местах обитания казахов, а также обращается внимание на то, что мы не просто обладаем обширной территорией, но и духовным историческим наследием. В связи с этим наша задача – показать всему миру наше духовное достояние и донести до народа, ознакомить с сакральными местами Казахстана.

На сегодняшний день с учетом реализации политики духовного возрождения страны в статье рассматривается одно из основных направлений в реализации данной политики нашего государства, вопросы, связанные с выявлением сакральных мест в Казахстане и его влиянием на духовное возрождение страны. Научная новизна статьи заключается в изучении сакральных мест Казахстана и его влиянии на состояние современного общественного сознания, на возрождение, формирование национальной идентичности в соответствии с изменениями, происходящими в нашем обществе.

Ключевые слова: святы места, духовная модернизация, национальная идентичность, преемственность священных мест.

Кіріспе

Қазақ жері өзінің бай тарихымен ерекшеленеді. Оның ұлттық тарихы аса ерте замандардан бастау алады. Ел мен жерді қорғау, ең алдымен, сол ел мен сол жердің тарихын білуден басталады. Ел мен жердің тарихын білу тарихта өткен қасиетті ата-бабалар әруағына тағзым етіп, олардың игілікті істерін еске алудан бастау алады. Ұлт тарихынан білімді болудың басты мақсаты – өткеннен тағылым алу. Осыған орай еліміздегі киелі жерлерді білу – біздің тарих алдындағы міндетіміз.

Әлемдегі әр ұлттың өз тарихында кие тұтатын мекендері бар. Ол жерлердің киелілігі сол халықтардың шығу ошағы немесе ұлттық мәдениетінің ошағы, елдіктің ошағы болуына байланысты болса керек. Қазақ халқының тарихында осындай жерлер өте көп. Алтай мен Жетісу, Ұлытау мен Қаратау, Еділ мен Жайық, Ертіс пен Сыр, Маңғыстау, Түркістан мен Отырар – міне, қазақтың төл бесігі болған киелі мекендер. Бұл аймақтардың өз ішінде киелі орындары бар. Мысалы, айтар болсақ, оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Арыстанбаб кесенесі, Қарашаш ана кесенесі, Гауһар ана зираты, Әли Қожа бейіті, шығыстағы Алтай ескерткіштері мен Жидебайдағы Абай мұражайы, Қарағандыдағы

Беғазы кешені, Жамбыл облысындағы – Айша бибі кесенесі мен Қарахан кесенесі, Маңғыстау өңіріндегі Шопан-Ата жер асты мешіті және тағы басқа да тарихи-мәдени ескерткіштердің өзара сабақтасып жатқандығын байқауға болады. Тіпті, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудағы киелі мекендерді де сабақтастырған жөн. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Қазақстандағы киелі жерлерге қатысты зерттеулерге ерекше ден қойғандардың бірі – В.В. Бартольд (1968) болып табылады. Сонымен қатар, И.В. Аничков (1998), В.В. Диваев (1896), А.А. Мейер (1865), В.В. Вельяминов-Зернов (1863-1864), А.Н. Самойлович (1911), П.С. Спиридонов, И.А. Кастанье (1910) сияқты өткен ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласының тарихы мен рухани мәдениетін зерттеген ғалымдар болды.

Сондай-ақ, еліміздегі киелі жерлер жайлы зерттеулердің іргелі сипат алған Ш.Уәлиханов (1985), М. Әуезов, Ә. Марғұлан (1948), Ә. Қоңыратбаев (1980), Х. Сүйіншәлиев (1977), Р. Бердібаев (1989), Е. Тұрсынов (1976), М. Мағауин (1968), М. Жолдасбеков (2005), А. Сейдімбеков, С. Қондыбай және т.б. отандық ғалымдардың зерттеулерінде киелі жерлер, олардың есімімен аталатын аңыз-әңгіме тұрғысынан қарастырған іргелі тұжырымдар жетерлік.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Зерттеу жұмысы қазақ даласында киелі жерлердің қалыптасуының алғы шарттарын, себептерін, дамуына ықпал еткен факторларды, маңызын ашуға септеседі. Өркениет теориясын пайдалану киелі жерлер тарихын бүгінгі күннің көзқарасымен емес, оқиға болған кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, зерттеуге мүмкіндік тудырады. Бұл ұстаным киелі жерлерге қатысты түрлі пікірлерді, түрлі дерек көздерін балама тұжырымдар ретінде қарастыруға жол ашады. Зерттеу жұмысында тарихилық, объективтілік принциптері мен жүйелілік, біртұтастық, т.б. әдістер қарастырылған. Солардың арасында тарихилық принципі Қазақстандағы киелі жерлердің орны мен рөлін түсінуге мұрындық болады. Тарихты зерттеудегі ұлттық мүдде авторларға объективті тұжырымдар қалыптастыруға жағдай жасады. Сонымен қатар зерттеу әдістері ретінде нақты, салыстырмалы талдау, жүйелеу, салыстыру, хронологиялық, діни-феноменологиялық әдістер қолданылды.

Нәтижелері және талқылау

Қазақстандағы киелі жерлердің сабақтастығы

Әрбір аймақта сұранысқа ие киелі жерлер бар. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында Ахмет Яссауи мавзолейінен бөлек, Арыстан баб, Укаша ата, Жылаған ата, Баба Түкті Шашты Әзиз сынды басқа да жұртшылық көп баратын киелі орындары кездестіреміз. Оларды талдай келе, бір-бірімен үйлесіп, сабақтасып жатқанын көруге болады. Мысалы, Түркістан өлкесін алып қарасақ, ондағы Ахмет Яссауидің ұстазы болған Арыстан баб, анасы Қарашаш ана, әкесі Ибрагим ата, атасы **Махмутхан-шейх баба** және қызы Гаухар ана барлығы бір кезеңде өмір сүрген тарихи-діни тұлғалар. Ал Қарабура баба болса, ол Қожа Ахмет Яссауидің жаназасын шығарған адам және замандасы. Қарабураның қыздары – Сыр өлкесіндегі Бегім ана мен Тараздағы Айша бибінің анасы Әмбар бибі болып табылады. Әмбар бибі қазіргі Ташкент қаласының маңында жерленген.

Ал Күлтөбе (Ясы) қалашығы Ахмет Яссауидің туған жері болса, Қылуат өзінің жеке салдырған жер асты мешіті болып табылады.

Баба Түкті Шашты Азиз Ысқақ бабтың замандасы болып келсе, Жаңақорған өлкесіндегі Қорасан ата Ысқақ бабтың бауыры болып табылады. Ал Ысқақ баб Хорасанның патшасы

болған Әбу Мүслімнің ұлы. Ол Орта Азияға, әсіресе қазақ топырағына ислам дінін әкелген алғашқылардың бірі, өзі жауынгер болған (Айнабеков, 2017:6).

Ал Исмайыл ата Қожа Ахмет Яссауидың інісі Ыбрайым атаның ұлы дейді. Оған дәлел, зерттеуші Қожа Ысқақ еңбегінде Қожа Ахмет Яссауидың он бірінші атадағы бабасы Ысқақ бабпен Исмайыл атаның он үшінші атадағы бабасы Әбдіжәліл баб арқылы табысатын алыс туыс екенін көрсетіп, анықтық енгізді. Исмайыл атаның Қожа Ахмет Яссауиға байланысатын рухани тізбегі ғылымда Исмайыл ата – Сейіт ата – Зеңгі ата – Хәкім ата – Қожа Ахмет Яссауи түрінде қабылданып келді. Қожа Ысқақ еңбегінің қолжазбаларында бұл жөнінде деректер бар.

Ал, Бәйдібек атаға келетін болсақ, ол қазақ руларының түпкі атасы болып есептелсе, оның жұбайы Домалақ ана болып табылады.

Бұдан шығатын түйін, Қазақстанның киелі жерлері неше ғасыр өтсе де, кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқан әрі ұлттық мақтаныштың қайнар бұлағы екені сөзсіз.

Тарихи ескерткіштерге келгенде Сыр елінің де алып-қосары көп. Сыр өңірінде Қорқыт бабадан бастап жеті әулиесі мекен еткен Оқшы ата, Хорасан ата секілді әулиелі мекендер баршылық. Бұлардың әрбірінің өзіндік тарихы бар. Шиелі жерінде орналасқан Оқшы ата қорымында Асан ата, Оқшы ата, Қыш ата, Ғайып ата, Кітап ата, Есабыз ата, Бала би сынды көне мазарларды елдің гүлденуіне атсалысқан ғұламалар жерленген. Жергілікті халық Оқшы атаны әулиелі батыр деп есептеген. Бұл маңда жатқан Асан атаны қазақ жұртының бірлігін көкसेген, желмаясына мініп Жерұйықты іздеген Асан қайғы деп атайды (Батырбеков, 2017: 2).

Ақтөбедегі Абат-Байтақ кесенесінде жерленген Абат батыр осы Асан Қайғы жыраудың ұлы болып табылады.

Асылында, Сыр өлкесіндегі кесенелер Оқшы ата бастап жерленген әулиелер пантеоны кезінде Ахмет Яссауи кесенесіне дейінгі сол уақыттағы ірі пантеондардың бірі болған. Кейінірек Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылған Ахмет Яссауидің кесенесінің жанына атақты тұлғалар, хандар мен батырлар жерленіп, пантеонға айналған екен. Мысалы, Ахмет Яссауи кесенесінің дәл жанында жерленген Рабия Сұлтан Бегімді айтатын болсақ, ол Дешті Қыпшақтың ханы болған Әбілқайыр ханның жары, әрі Ұлықбек хакімнің қызы, Әмір Темірдің ұрпағы болып табылады.

Жоғарыдағы айтылған есімдердің барлығы Қазақстанның макросакралды нысандар қатарына кіреді, тек кіріп ғана қоймай, өзара бір-бірімен сабақтасып жатыр.

Қорқыт Ата мен Қожа Ахмет Яссауи арасындағы сабақтастық

Әр өңірді талдай келгенде онда бетке тұтар, атақты киелі тұлғалары мен олардың кесене-мазарлары бар. Оларды қарапайым тілмен айтқанда, әр өңірдің визиттік картасы деуге болады. Мысалы, Сыр өңірін сипаттағанда, міндетті түрде дара тұлға Қорқыт Атаны қарастырамыз. Ал Түркістан өңірінің маңыздылығын пайымдауда, міндетті түрде Қожа Ахмет Яссауиді сөз қыламыз. Әуелі Қорқыт Ата мен Қожа Ахмет Яссауидің кім болғанын, өмірі мен қызметіне тоқталсақ.

Қорқыт Ата VIII ғ. Сыр бойында өмір сүрген ұлы ойшыл, ақын, сазгер болған. Тарихта үлкен із қалдырған қайраткер. Өзінің философиялық ой толғамдарында өмір мен өлім туралы мәңгілік мәселелерді көтереді. Философиялық тұрғыда өлместік проблемасын қиялмен іздестіреді. Аңыз бойынша Қорқыт Ата желмаяға мініп, өлімнен қашпақ болып, әлемнің төрт бұрышын кезеді. Бірақ қайда барса да алдынан қазылып жатқан «көр» (қабір) кездеседі. «Кімге қазып жатсындар?» деген сауалға «Бұл Қорқыттың көрі» деген жауап алады. Содан, ол таңданып, ойға қалып, мәселенің жауабын табиғаттан сұрамақ болады. Оған жануарлар, құстар, сылдырлаған шөптер, сарқырап аққан сулар, гуілдеген жел «дүниеде өлмейтін ешнәрсе жоқ. Бәріміз де мәңгі емеспіз» деп жауап қайтарады (Кішібеков Д. & Кішібеков Т. 1994: 29-34).

Бұл жауаптардан ойға қалған Қорқыт Ата, өзіне «енді не істеймін» деп сұрақ қойып, оған жауапты былай табады: «Дүниеде мәңгі өмір сүру үшін, өлместік із қалдыру» деп (Кішібеков Д. & Кішібеков Т. 1994: 35-36). Содан ол қобызбен күйлер шығарып, сонымен қатар, батырлық, аңшылық, адамгершілік туралы дастандар тудырып, оны өзі орындап, қоғамдық рухани қозғалыс ендіреді, есімін мәңгілікке қалдырады. Сөйтіп, Қорқыт Ата өмір мен өлім мәселесін көтеріп, XX ғасыр басында Еуропада дүниеге келген экзистенциализм философиясына одан мыңнан артық жыл бұрын бастау жасаған деуге болады (Байтенова Н.Ж. 2006:181б.).

Қорқыт Атаның аңызына тоқталсақ, ол философиялық мазмұны терең, өмірсүйгіштік рухы өшпес аңыз. Мұны бүкіл әлем ғұламалары мойындайды. Тек мойындап қана қоймай, түркі жұртының өмір мен өлім туралы

түсінігінің әдемілігіне, өмірге құштар рухының асқақтығына тамсана таң қалады. Мәңгілік нәрсе – өнер, шығармашылық, адамның артында қалатын өшпес ізгі ісі.

Қожа Ахмет Яссауиге келсек, ол қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ойшыл, Қазақстан территориясындағы сопылықтың негізін салушы, күллі түркі тілдес халықтың, түркі дүниесі мұсылмандарының рухани ұстазы болған діни қайраткер. Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Яссауи» сопының қай жерден шыққандығын көрсетеді.

Қожа Ахмет Яссауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. Ол жаңа діни идеологияны тәңірлік шамандықпен, зорастризммен біріктіре отырып, қоғамдық-әлеуметтік санаға сіңіруде көп еңбек етті.

Қожа Ахмет Яссауи әулие қанымызға сіңірген ислам философиясындағы сопылық ағымның біздің түркілік дүниетанымымызбен етене бауырласып кетуіне де Қорқыт Атаның толғандырған өмір мен өлім ұғымның жақындығы, түсінік ұқсастығы себеп болған.

Өмір мен өлім туралы, жер бетіндегі тіршіліктің мәні жайындағы Қорқыт Ата философиясының мәйегін ұғынбаған жан ғұмыр бойы адамзатты толғандырған осы сауалдардың ақиқатын іздеп, көзі тірісінде хақтың өзімен диалогтасуды мұрат тұтқан, сөйтіп алпыс үш жасында өз еркімен жер астына түскен, сол жер астында тағы да алпыс үш жыл ғұмыр кешіп, қазір бәрімізді таңдандыратын ақыл кітабы “Диуани хикметті” жазған Қожа Ахмет Яссауи тағылымы дәлел бола алады.

Қорқыт Ата мен Қожа Ахмет Яссауиді сабақтастырғанда, расында да, бірі күдіретті күйімен жүз жыл бойы ажалды маңына жолатпаған, екіншісі көзі тірісінде сол ажалға өз еркімен мойын ұсынып, алпыс үш жыл бойы жер астында тіршілік еткен түркі даласының қос ғұлама ойшылдарының мұраты да, арманы да түркілік дүниетанымның екі кезеңін, өмір мен өлім туралы ұғымның айқын дәлелі екені даусыз.

Осылайша, қазақ топырағында өмір сүрген екі бірдей ғұламаның өмірлік ұстанымдарының бір-бірімен сабақтасып жатқанын байқауға болады.

Бүгінгі күнге дейін өзінің асқан беделін жоғалтпаған, халық арасында сый-құрметке иеленген Қорқыт Ата мен Қожа Ахмет Яссауи

есімдері, мазарлары, ескерткіштері – қазіргі таңда еліміздің руханилығын асқақтатып, ұлттық бірегейлікті нығайтып отырған, ұлттық кодты сақтап келе жатқан бірден бір киелі жерлеріміз. Діни феноменологияда Қорқыт Ата мен Қожа Ахмет Яссауиді киелі тұлға деп қарастырсақ, ал мазарын, ескерткішін – киелі орын мен киелі кеңістік қатарына жатқызуға болады. Сонымен қатар, Қорқыт Ата мен Қожа Ахмет Яссауиді киелі феномен деп есептеуге болады. Осы сияқты киелі феномендер қазақ топырағында жетерлік. Бұл жерлерді киелі етіп тұрған сол тарихидің киелі тұлғалар. Барлығының қызметі бір – халыққа жәрдем ету, қол ұшын тигізу, көмектесу, емдеу, саяси басқару болған. Бәрінің ортақ сабақтастығы да осы.

Әулиелер сабақтастығы

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, ислам діні бізге оғыздар өмір сүрген дәуірден бастап ене бастаған. Алайда, 14 ғасыр – қазақ даласындағы діни өзгерістердің заманы болды. Өзбек хан тұсында исламның мемлекеттік дін ретінде қабылдануы 14 ғасырдан бергі қазақ даласының рухани және діни келбетінің жасала бастауына негіз болды. Бұл дәуір – бұрынғы діни плюрализм мен бүгінгі бір ғана исламдық сенімнің арасындағы ауыспалы кезең еді. Сондықтан қазақ даласында мекен еткен халық арасында исламның сунниттік, суфийлік ағымдарын таратушы уағызшылардың болуымен қатар, ежелгі далалық сенімді ұстанғандардың да, христиандықтың қарабайыр түрін сақтағандардың да, бақсылар мен дуашылардың да болғандығын болжауға болады. Тек сан алуан дінді ұстанғандардың өзара мөлшерінің қандай болғанын айта салудың реті келмес. Ең бастысы – осылардың қай-қайсысы болмасын өмірлік қуаты жоғары, белсенділігі, оның ішінде шығармашылық белсенділігі де жоғары, күшті, яғни пассионарлық коэффициенті жоғары адамдардың көп болғандығында күмәніміз жоқ.

Тарихи деректерге сәйкес, Өзбек хан 1321 жылы ислам дінін қабылдаған, оған Сұлтан Мұхаммед Өзбек хан деген жаңа ат берген. Ал 1360 жылдары Алтын Орданы билеген Әзіз ханды мұсылмандыққа Ахмет Яссауидің тура тұқымы Махмуд Яссауи қабылдатыпты. Бұдан біз Алтын Ордаға мұсылмандықты таратуда да Түркістанның ықпалы мен Яссауидің жолын қуушылардың аса зор маңызды рөл атқарғанын көреміз. Бірақ Алтын Орда билеушілері бұл мәселелерді, бір жағынан, Дешті Қыпшақ пен Ақ Орданы қолдан шығарып алмау үшін, екінші жағынан, Шағатай ұлысын да өз қол

астына қарату мақсатымен қатар қарастырғанға ұқсайды. Сондықтан да жергілікті сепаратизмге қарсы күрес кезінде көшпелілердің нанымдық дәстүріне шабуыл жасау да орын алмай қалмаған. Мәселен, Өзбек хан тұсында бақсылар, соның ішінде Қорқыт жолын ұстанушылар да қудалануға ұшыраған (Кекілбайұлы, 2000: 2-3). Тарихи қисын нақ осындай даму жолын көрсетеді. Осындай жағдайда ресми ислам Сарай, Сарайшық, Қазан сияқты орталықтағы қалаларда үстемдікке шықса, бақсылық та, басқа да, исламның оппозициялық-дәруіштік ағымдары Алтын Орда империясының шеткері аймақтарында, ең алдымен Маңғыстау мен Үстіртте, қоғамдық шеттетілгендер санатындағы есен-қазақтар арасында кеңінен таралуы да қисынды болмақ.

Әулиелердің алғашқы ұрпақтары негізінен Қожа Ахмет Яссауи образымен байланыстырылғандығын және Арал-Хасарлы аймағындағы екінші әулиелік ареалдың болғандығына «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» деген Серікбол Қондыбайдың (2006: 33-37) кітабы дәлел бола алады.

Аталмыш аймаққа Батыс Қазақстанның төрт облысы, Қарақалпақстан, Түрікменнің Оқ-Балқаны сияқты аймақтарды қамтитын үлкен кеңістігі кіреді. Бұлар, ең алдымен, Маңғыстаудың 360 әулиесі, сондай-ақ Үстірттің, Жылой мен Шағырой-Борсыққұмның, Сағыздың әулиелері. Осы жақтың руларын да, әулиелерін де Қожа Ахмет Яссауимен байланыстыру тарихи-уақыттық тұрғыдан шартты түрде болып саналады, яғни осы өлкедегі Шопан аталар мен Есен аталар Қожа Ахмет Яссауидің ілімдік шәкірті, жолын қуушы болғанымен, оның замандасы, тікелей өзінен дәріс алған шәкірті бола қоюы күмәнді. Тарихи қисын оларды 14-15-ғасырлардың адамдары екендігін көрсетеді. Олар 14 ғасырдағы қазақ даласындағы қыпшақ тілді дүниенің жаппай ислам дінін қабылдай бастауымен байланысты дін уағыздаушылар болып шығады (Қондыбай, 2000: 4-7).

Осы әулиелік ареалды қалыптастырушылар туралы аңыздардың ыңғайына қарап біз 14 ғасырда Түркістан аймағынан яссауилік діни уағызшылардың легі Өзбек хан билеген, исламның ресми түрде мемлекеттік дін деп жарияланған тұсында Арал-Хасарлы аймағына қаптап келе бастағандығын байқаймыз. Яғни егер 14 ғасырдың басында яссауилік-сопылық, ханафилік діннің басты ордасы Қаратау-Нұратау аймағы ғана болса, 14 ғасырдың ортасында осы орталықтың ықпалымен тағы бір яссауилік ареал Батыс Қазақстанда пайда болды.

Түркістан-Қаратау аймағындағы Баба Түкті Шашты Әзіз, Қошқар ата, Шопан ата сияқты әулиелердің екіншілері немесе «көшірмелерінің» Маңғыстауда, Жем-Сағызда, Борсыққұмда пайда болуы, яғни осы өңірлерде де Баба Түкті Шашты Әзіз, Шопан ата, Қошқар аталардың пайда болуы осындай «әулиелер экспорты» болғандығын көрсетеді. Яғни 1300 жылы Түркістан-Нұратау аймағында шоғырланған сопылық топтардың (діни ордендердің) бір бөлігі Өзбек ханның Алтын Ордадағы жаппай исламдандыру саясатына сай еркіндікті пайдаланып Батыс Қазақстанға ағылған. Олар өздерінің келген жеріндегі діни-ұйымдық атауларын да ала келген. Мәселен, Созақ ауданындағы Баба Түкті Шашты Әзіз әулиенің жай ғана моласынан басқа, 14 ғасырда осында сопылық-дәруіштік ұйым болды деп есептер болсақ, онда нақ осы ұйымның сопылары Маңғыстаудың Сазды-Үштаған жеріне келіп, тағы бір Баба Түкті Шашты Әзіз ұйымын (мазһаб, мектеп, т. б) ашуы әбден мүмкін және істің қисыны осыған келеді (Қондыбай, 2000: 10-11).

Түркістан аймағындағы Қошқар ата мен маңғыстаулық Қошқар ата, Байғанин ауданындағы Қошқар аталар арасында, түркістандық Шопан ата мен маңғыстаулық Шопан ата, түркістандық Шақпақ ата мен маңғыстаулық Шақпақ ата, түркістандық Баба Түкті, Шашты ана, Түкті аталар мен ақтөбелік Алып ана, Түкті аталар арасында да осындай «әулиелік экспорт» болған сыңайлы. Маңғыстау түбегіндегі 360 әулиенің көпшілігі де осы түркістан-нұраталық сопылық дәруіштерге қатысты деуге негіз бар, ал осы түбектегі көне керуен жолдың бойында жатқан Сенек ауылы мен Оңтүстік Қазақстандағы тарихи Сығанақ қаласы аттарының арасында да осындай байланыс бар деп шамалауға болады. Сенек топонимінің бір кездері Сығанақ деп аталу ықтималдығы бар (Сенек > Санақ > Саанақ > Сағанақ > Сығанақ), ал түркістандық зерттеуші Әбіласан Әбілханның сығун сөзінің «әулие» деген мәнге ие болу мүмкіндігін жазғанына қарап осы атауды (Сығанақты) 14 ғасырда сопы дәруіштерінің әлдебір тобы пайдалануы әбден мүмкін дей аламыз. Яғни 1320-50 жылдар аралығында Түркістан аймағынан, Сығанақтан шыққан дін таратушылар тобы Маңғыстаудағы бір жерге келіп, кейін сол жер «Сығанақ» (Сенек) деп аталып кеткен де шығар, кім болжап көріпті оны.

Осындай әулиелік сабақтастық қазақ даласындағы ислам дінінің іс жүзінде бір орталықтан тарап, бір рухани қайнардан бас-

тау алатындығын көрсетеді. Осыны толықтыра түсуге мүмкіндік бар, тек ол үшін бес облыс жеріндегі барлық киелі орын туралы мәлімет жүйелі түрде жинақталынуы тиіс. Тек сонда ғана грек-рим, қытай, араб-парсы, орыс жазба құжаттарымен қатар 14-15 ғасырлардағы қазақ даласының көмескі тарихының жүрек соғысын байқатар қосымша ғылыми эмпирикалық дереккөз ашылған болар еді. Ең бастысы, осындай әулиелік сабақтастықты барынша дәлелді көрсету арқылы нақ 14-15 ғасырларда басталған «қазақ» деген ат астында жиыла, қауымдаса бастау, яғни этногенез процесінің басты компоненті болған сопылық, ханафилік исламның таралу маршрутын айқын көргендей боламыз.

Терістігінде Қобда-Елек, күнгеінде Үстірттің оңтүстік ернегіне дейінгі аралықта, бүгінгі Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Ұлытау мен Жетісу, Шығыс пен Солтүстік, Оңтүстік Қазақстан облыстарының сирек қоныстанған өңірлерінде орта ғасырлар тұңғышына кететін әулиелі немесе киелі орындар назар аударуға тұрарлық тарихи жәдігерліктер қатарына жатады. Әдетте, олардың мәдени-тарихи құндылығы біздің ғалымдар арасында негізінен тек сәулеттік-бейнелеу сипатымен ғана есептелінеді. Ал егер әулиелі орын бір төмпешіктің үстіндегі жай ғана тас үйіндісі мен оған қыстырылған қарағаш дінгегі болса ше? Бұл жағдайда археолог та, сәулетші де оны тарихи ескерткіш қатарына қоспасы анық. Осындай қарапайым әулиелі орындар қазақ даласының түпкір-түпкірінде жүздеп, мындап кездесетіндігі анық, тек оларды түгендеп, насихаттап жатқанымыз шамалы.

Әулиелер мен олардың молаларының нақты жер бетінде кездесуі, яғни бүгінгі ел аз қоныстанған аймақтардың бір тұсында аз болып, енді бір тұстарында шоғырланып көрсетілуі – бір кездері сол жерлерде халықтың едәуір тығыз қоныстанғандығын, осы жерде қызу өмір қайнап жатқандығын көрсететін айғақ болып табылады. Осындай нысандарды картадан көретін болсақ, осындай шоғырланудың Орталық Маңғыстаудан басқа Жем бойында, Ақтөбе-Ырғыз аралығында, Шағырой-Борсыққұм өңірінде, Сыр өңірін қоса алғандағы барлық Оңтүстік өңірінде екендігін көре аламыз.

Осы аталған аймақтарда, әсіресе бүгіндегі адам өмір сүруге ең қолайсыз аймақтар қатарына жататын Бейнеу, Байғанин аудандарының, Арал мандары аудандарының өзенсіз, көлсіз, ессіз далаларының бір кездері елді (және молалы) жұрт болғандығын байқауға болады. Ал бұл қай кез деген сауалға жауап іздер болсақ, негізі тарихи-

географиялық көрсеткіштер (даладағы ислам дінінің ең күшті әрі тез тараған уақыты, даладағы ылғалдық жеткілікті болған кезеңі, аңыздар мен жырдың жанама мәліметіндегі уақыт ауқымы, нақты тарихи деректер) бізге 14 ғасырды, Алтын Ордада Өзбек хан мен оның ұлы Жәнібектің билік құрған (1312–1357 жж.) заманын көрсетіп бере алады. Аталған көрсеткіштердің бір-біріне сәйкес келетін уақыты да осы тұс.

Қорытынды

Бастауын ежелден алған, өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар қазақ мавзолейлері, мешіттері және мұнаралары Орта Азия және Қазақстан архитектурасында ғылыми қызығушылық туғызып отырған қазақ халқының ерекше архитектуралық туындылары Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын байыта түсері сөзсіз.

Ежелгі дәуірлерден өркениет ізі өшпеген қазақ топырағының әр төбесі киелі жер болып табылады. Қазақ жерінің киелі жерлерін зерттеу халықты, оқушылар мен жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және өлкеміздің тарихын мақтан ету, мұраларымызды қастерлеуге

игі әсерін тигізері сөзсіз. Сонымен бірге, киелі жерлер халықтың ұзақ және оқиғаларға толы өмірін, халықтың тұрмысын, тәуелсіздікке деген күресін көрсетеді.

Қазіргі кезде зиярат етушілер қасиетті әулие-әмбилердің басына барып түнеп жатады, бұл да зиярат етудің бір формасы ретінде танылып, бүгінгі таңда үрдіс алуда. Негізінде қасиетті жерде түнеу – мұсылмандық кезеңнен бұрын келе жатқан ескі қазақ ғұрпы. Қазақтың исламы – бұл тәңіршілдік пен ислам қоспасы. Бұл Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жетісу мен Ұлытау, Маңғыстау, Сыр өңірі ескерткіштерінде, олардың сәулетінде және құлыптастар мен қойтастарда жақсы байқалады. Олар ортодоксалдық исламда мүмкін емес ескі пішімдер мен мазмұнды сақтап қалған. Қалай болғанда да бұл – қазақ мақтанш етуге тұратын ұлттық мәдениетінің бірегей феномендерінің бірі болып табылады. Осы тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми негізде терең әрі дәйекті зерттеу, зерделеу сол арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу, сол өткен тұлғалардан үлгі-өнеге беру қазіргі қазақ мемлекетінің алдында тұрған бірден бір маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер

- Айнабеков, Б. (2017). Хорасан әулиеге тағзым // Алматы ақшамы, 12 тамыз, № 94, 6 б.
- Аничков, И. (1998). О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении. Ташкент, ПТКЛИА, III том, 198 с.
- Байтенова Н.Ж. (2006). Қазақ философия тарихының негізгі даму тенденциялары және өзіндік ерекшеліктері. – Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 том. Астана, 181б.
- Бартольд, В. (1968). Еще известие о Коркуте. Соч. Т.V. Москва, 312 с.
- Батырбеков, А. (2017). Киелі мекен қасиетке бастайды // Сыр бойы, 27 шілде, №111, 2 б.
- Бердібаев, Р. (1989). Кәусар бұлақ. Алматы, 105 б.
- Вельяминов-Зернов, В. (1863-1864). Исследование о Касимовских царях и царевичах. Челябинск. I-II Спб., 498 с.
- Дивасев, А. (1896). Еще о могиле Хорхут-ата. Ташкент, ЗВОРАО, 255 с.
- Жолдасбеков, М. (2005). Алтын арқалы асыл мұра // Егемен Қазақстан, мамыр, 6-8 бб.
- Кастанье, И. (1910). Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург, Вып. 22, 164 с.
- Кішібеков, Д. & Кішібеков, Т. (1994). Қазақ – философ халық. Қайда барсаң – Қорқыттың көрі // Ақиқат, №2, 29-41 бб.
- Кішібеков, Д. & Кішібеков, Т. (1994). Қазақ – философ халық. Қайда барсаң – Қорқыттың көрі // Ақиқат, №2, 35-36 бб.
- Кекілбайұлы, Ә. (2000). Түркістан тағлымы // Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2-3 бб.
- Қондыбай, С. (2000). Әулиелі Маңғыстаудың киелілік салты қай замандарда басталған? // Үш Қиян, 1 қыркүйек, 4-7 бб.
- Қондыбай, С. (2000). Әулиелік география. // Алтын Орда, 10 қараша, 10-11 бб.
- Қондыбай, С. (2006). Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. Алматы, Арыс, 208 б.
- Қоңыратбаев, Ә. (1980). Артына өшпейтұғын із қалдырған. // Коммунизм шамшырағы, 11 ноябрь, 2-5 бб.
- Марғұлан, А. (1948). К изучению памятников романа Сарысу, Улытау, Вестник. АНКазССР, Алматы, №2/55, 14-18 бб.
- Мағауин, М. (1968). Қобыз сарыны. Алматы, 156 б.
- Мейер, А. (1865). Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. 102 с.
- Самойлович, А. (1911). К вопросу о наречении имени у тюркских народов. Живая старина, Вып. II, 297 с.
- Сүйіншілиев, Х. (1977). IX-XII ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері. Алматы, 198 б.
- Тұрсынов, Е. (1976). Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы, 301 б.
- Уәлиханов, Ш. (1985). Бес томдық шығармалар жинағы. Том 1. Алматы, 208 б.

References

- Aynabekov, B. (2017). Horasan әулиеге тағзым [Khorasan wiege bow], Almaty akshamy, 12 тамыз, №94, S. 6
- Anichkov, I. (1998). O nekotoryh mesnostyah Kazalinskogo yezda, interesnih v arheologicheskom otnoshenii [On some localities of Kazaly district that are interesting in archeological respect]. Tashkent, PTKLA, III volume, 198 s.
- Baitenova N.J. Kazak filosofia tarihinin negizgi damu tendensialari jane ozindik erekshelikleri.- Kazak halkinin filosofialik murasi.20 tom. Astana, p.181.
- Bartol'd, V. (1968). Eshe izvestiye o Korkute [More News of Korkut]. Soch. T.V. Moskva, 312 s.
- Batyrbekov, A. (2017). Kiyeli meken kasiyetke bastaydy [The Bible begins to be holy], Syr boyy, 27 shilde, №111, S. 2
- Berdybaev, R. (1989). Kaysar bulak [Caesar Spring]. Almaty, 105 s.
- Valikhanov, Sh. (1985). Bes tomdik shigarmalar jinagi [Five-volume collection of works]. Volume 1. Almaty, 208 s.
- Velyaminov-Zernov, V. (1863-1864). Isledovanie o kasimovskih carei i careyovichax [Study on Kasimov kings and princes]. Chelyabinsk. I-II Spb., 498 s.
- Divaeв, A. (1896). Eshe o mogile Horhyt-Ata [More about the grave of Khorhut-ata]. Tashkent, ZVORAO, 255 s.
- Zholdasbekov, M. (2005). Altyn arkaly asyl mura [The Golden back is a noble legacy], Yegemen Kazakstan, mamyr, S. 6-8
- Kastan'e, I. (1910). Drevnosti kirgizkoy stepi I Orenburskogo kraya [Antiquities of the Kirghiz Steppe and the Orenburg Region]. Orenburg, Vol. 22, 164 s.
- Kishibekov, D. & Kishibekov, T. (1994). Kazak-philosof halik. Kaida barsan Korkyttin kori [Kazak – philosopher chaly. Where to go – Cork Tomb]. Akikat, No. 2, S. 29-41
- Kishibekov, D. & Kishibekov, T. (1994). Kazak-philosof halyk. Kaida barsan Korkyttin kori [Kazak – philosopher chaly. Where to go – Cork Tomb]. Akikat, No. 2, S. 35-36
- Kekilbayuly, A. (2000). Tyrkistan taglymy [Turkestan's lecture], Yegemen Kazakstan, 12 sayir, S. 2-3
- Kondybay, S. (2000). Auliyeli Maңgystaudyn kiyelik salty kay zamandarda bastalğan? [When did the holiest tradition of Mangistau begin?], Ysh Kiyan, 1 kyrkyiek, S. 4-7
- Kondybay, S. (2000). Auliyelik geografiya [Holy geography], Altyn Orda, 10 karasha, S. 10-11
- Kondybay, S. (2006). Mangystau men Ystirtin kiyeli oryndary [Sacred places of Mangistau and Ustyurt]. Almaty, Arys, 208 s.
- Konyratbaev, A. (1980). Artina oshpeitin iz kaldirgan [Keeps track of the trail], Kommunizm shamshiragi, November 11, S. 2-5
- Margulan, A. (1948). K izucheniyu pamyatnikov romana Sarysu, Ulytau [On the study of monuments to the novel Sarysu, Ulytau], Vestnik. ANKazSSR, Almaty, №2/55, S. 14-18
- Magauin, M. (1968). Kobuz sarını [Korkut muziks]. Almaty, 156 s.
- Meyer, A. (1865). Materiali dlya geografi i statistiki Rossyi, sobrennie oficerami General'nogo shtaba [Materials for geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff]. 102 s.
- Samoilovich, A. (1911). K voprosy o narehi imeni u turskih narodov [To the Question of Naming a Name among Turkish Peoples]. Vol. II, 297 s.
- Suyunshaliyev, X. (1977). IX-XII gasırlardagi edebiat eskertkishti [Literature monuments in IX-XII centuries]. Almaty, 198 s.
- Tursunov, E. (1976). Halik ayız edebiatın jasayshılardıń bayırғы okilderi [Indigenous representatives of Kazakh folklore creators]. Almaty, 301 s.